

## NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 1, Number 299 (2015), 79 – 84

**KAZAKH JUNGGAR RELATIONSHIP  
IN THE XVIII CENTURY IN HISTORICAL COMPOSITION  
OF «ISLAM-NAME» BY MOLLA ABD AL-ALMA**

**Karimova Zulfiyam**

MES RK CS R. B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

**Key words:** written sources, Turkic sources, Central Asia, Kazakhstan, Kazakhs, Junggar, international relations.

**Abstract.** The article conducts analysis of sources available in the Eastern Turkistan work of the historian Molla Abdal-Alim 'Islam name' relating to the Kazakh-Junggar relations in the XVIII century. It offers for the first time the information relating to the situation in international relations in Central Asian in the XVII century and contains translation of important historical materials into the Kazakh language.

УДК 930.221:94(574)

**XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР БАЙЛАНЫСТАРЫ  
МОЛЛА АБД ӘЛ-ӘЛІМДІҢ «ИСЛАМ-НАМЕ» ДЕРЕККӨЗІНДЕ**

**З. К. Каримова**

ҚР БҒМ Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан

**Тірек сөздер:** жазба дерек, түркі дереккөздері, Орталық Азия, Қазақстан, қазақтар, жоңғарлар, халықаралық қатынастар.

**Аннотация.** Мақалада автор XVIII ғасырда жазылған шығыстүркістандық тарихшы Молла Абд әл-Әлімнің «Ислам-наме» (اسلام نامه) шығармасындағы қазақ-жоңғар қарым-қатынастарына тән мәліметтерін талдайды. XVIII ғасырда Қазақстан және Орталық Азия аумағында қалыптасқан саяси ахуалды зерттеуде маңызы зор аталмыш дереккөздің мәліметтері алғаш рет қазақ тіліне аударылып, оқырман назарына ұсынылып отыр.

XVIII ғасырдағы Қазақстанның шығыс, оңтүстік-шығыс аудандарында және оған шекаралас Шығыс Түркістанның солтүстік-батыс өңірінің саяси, әлеуметтік-экономикалық тарихында орын алған оқиғалар Молла Абд әл-Әлімнің «Ислам-наме» (اسلام نامه) дереккөзінде өз көрінісін тапқан.

Ғылыми айналымда дереккөздің В 311 және В 312 шифрларымен белгіленген екі нұсқасы мәлім [1, 22 б.]. Олар Ресейдің Санкт-Петербург қаласы Шығыс қолжазбалары институтында сақталған. Дереккөздің авторы туралы мәліметті оның өз шығармасынан табуға болады. Шығарма авторының есімі Молла Абд әл-Әлім, әдеби лақап аты – Шаир Ахун. Молла Абд әл-Әлім Шығыс Түркістанның Үш-Тұрпан қаласына жақын орналасқан Лөкчүн атты елді мекенде дүниеге келген [2, 320-321 бб.]. Ата-бабалары хандардың қызметінде болып, отбасымен бірге Қорғасқа жақын таулы жерде өмір сүргендігі туралы айтып өтеді. Бұл елді мекен заманауи Қазақстанның оңтүстік-шығысында, Қытайдың Шыңжаң Ұйғыр Автономиялық Ауданымен шекаралас аумағында орналасқан. Молла Абд әл-Әлім өмір сүрген кезеңде аталмыш аумақ Жоңғар хандығының билігі астында болған. «Ислам-наме» XVII ғасырдың екінші жартысында жоңғарлардың көмегімен Шығыс

Түркістандағы билікті қолына түсірген ақтаулы қожалардың рухани басшысы Аппақ Қожаның немересі Ахмад қожаға арнап жазылған болса да, шығармада негізінен XVIII ғасырдың ортасында Жоңғар хандығының тарихында болған оқиғалар баяндалады. Еңбек поэтикалық формада, шамамен 1756 жылы жазылған және автор өзі өмір сүрген кезеңде болған оқиғаларды суреттейді. Бұл кезең Жоңғар хандығының тарихында хан ұрпақтары арасында тақ үшін болған талас-тартыстарымен ерекшеленіп, Молла Абд әл-Әлім «Ислам-намеде» осы оқиғаларға байланысты нақты деректерді келтіреді.

Автордың айтуынша, жоңғар ханы Ғалдан Серен дүние салғаннан кейін оның ортаншы ұлы Әжен хан тағына отырады. Ғылыми әдебиеттен бұл оқиғаның 1746 жылы болғандығы мәлім [3, 293-295 бб.]. Әжен ханның билік басына келуімен Жоңғарияның саяси өмірінде қарама-қайшылықтар басталады. Жас хан маңайында қарт және тәжірбелі кеңесшілерінің көп болуына қарамастан, тайпа басшылары арасында алауыздық тудырып, халыққа шектен тыс қатал саясат жүргізді. Қарсылық білдіруге тырысқан нояндарды рахымсыз жазалайды. Молла Абд әл-Әлімнің «Ислам-намесіндегі» бұл мәліметтерді өз еңбегін мұрағат құжаттары негізінде жазып шыққан тарихшы В. А. Моисеевте растайды [4, 179 б.]. Алайда 1749 жылы Әжен ханның зұлымдығынан шаршаған беделді ойрат тайпаларының билеушілері оны тақтан түсіріп, орнына Ғалдан Сереннің үлкен ұлы Лама Доржыны хан етіп көтереді. В. А. Моисеев бұл оқиғаға Жоңғар хандығында аманатқа берілген ұйғыр хандары ұрпақтарының да қатысы бар деп көрсетеді [4, 181-182 бб.]. Сол хан ұрпақтарының қызметінде болған Молла Абд әл-Әлім бұл туралы ешқандай дерек келтірмейді. Лама Доржының хан болып көтерілуіне қарсылық білдірген Даваци мен Әмірсана басшылығындағы ірі ақсүйектер Қазақ хандығына қашып барып, Абылай ханның жанынан пана табады. Елде орнаған тұрақсыздық, Орта Азия мен Қазақ хандығы, Цин империялары тарапынан төніп тұрған қауіп нәтижесінде әлсіреген Лама Доржы билігі құлатылып, жоңғар хандығы Сенгенің ұлы Давацидың қолына өтеді. Бұл оқиға 1753 жылы орын алады.

«Ислам-намеде» қазақ-жоңғар байланыстарына қатысты тағы бір мәлімет бар. Бұл мәліметтен 10 мыңға жуық қазақ жауынгерінің бастапқыдағы өздерінің одақтасы Давациге қарсы ұйымдас-тырылған әрекетке қатысқаны белгілі болады. Даваци мен бірге әрекет еткен Әмірсана оған қарсы шығып, Цин патшалығынан көмек алып келу үшін қайтадан елден кетеді. Осы оқиғалар Молла Абд әл-Әлім тарапынан «Ислам-намеде» жан-жақты суреттелген.

«Ислам-наме» дереккөзінің мәліметтері Орталық Азия тарихын зерттеуде маңызы зор болуына қарамастан, тек 1963 жылы алғашы рет түп нұсқа тілінде жарық көрді [5, 164-194 бб.]. 1969 жылы белгілі шығыстанушы ғалым В. П. Юдин шығармадан алынған үзінділерді орыс тіліне аударып жариялады [6, 425-430 бб.]. Осыдан кейін еңбек тарихи дерек ретінде бір қатар ғалымдар тарапынан пайдаланылған болса да [7], шығарма толық зерттелді деп айту әлі ерте. Сол себепті «Ислам-намеде» берілген мәліметтерді қазақ тіліне аударып оқырман назарына ұсынуды дұрыс деп таптық. Аударма «Ислам-наменің» 1963 жылы шағатай-түркі тілінде жарық көрген нұсқасынан жасалды. Бұл мәліметтердің алғашы рет қазақ тіліне аударылғанын да айтып өткен жөн. Түп нұсқада берілген мәліметтердің мағынасы өзгеріп, мазмұнына әсер етпеуі үшін аударманың кейбір жолдарында ұйқастық сақталмады.

| 506 | Себебі кәпірлердің болды көңілі ала,  
Пәле жеткізді өз ішінен Тәңрі-Алла.  
Тапқан еді аббаттықта өз кемелін,  
Құдіретті кері алді қайтадан бәрін.  
Мұсылмандарға түсіріп шарапатын,  
Жоңғар еліне көрсетті өз қаһарын.  
Диқан сынды бидайды гәлвур<sup>1</sup> деген,  
Қарамық пен қоқыстан тазалаған.  
Кеткен еді кәпір мен мұсылман араласып,  
Соңынан дінсіздерден бөлу үшін.  
Айландырды көк әлемін оңға қарай,

<sup>1</sup> Гәлвур – Ескі ұйғыр тілінде бидай тазалайтын құралды атаған.

Мұсылманға нарықты арзандатты.  
 Жоңғарлар арасына іріткі салды,  
 Дінсіздер арасына бүлік септі.  
 Тұтастықты жоғалтып сонда олар,  
 Бір-біріне кінә артып, болды дұшпан.  
 Дайын еді өлуге сонда олар,  
 Қыз мен ұлы бейхабар дабыл соғар.  
 Сол Пірі кемел кереметімен,  
 Аян берді бұнымен өз құдіретінен.  
 Біріне бірін қарсы қойып,  
 Кейбіреуін құтыртып, басқасын адастырып.  
 Кәпірлерді бір-біріне айдап салды,  
 Арсыздардың жағдайы болды апатты.  
 Бұл дүние Ғалдан Серенге жұмақ еді,  
 Бірақ кетті қараңғы, тозақ жаққа.  
 Орнына сүйікті ұлы Әжен келді,  
 Тағына көтеріліп, болды ноян.  
 | 51a | Ол еді жауыздықта теңдесі жоқ,  
 Халқына аямастан зұлым салған.  
 Шегі жоқ қаталдықты ол бастады,  
 Теңсіздікке халқыда төзе алмады.  
 Жайсаңдар<sup>1</sup> күбіттердің<sup>2</sup> алдында кемсітілді,  
 Бұл дүниеден барлығы бейзар болды.  
 Бір нешесі басына дорба киіп,  
 Ғалдан Серен қасына кетті қашып.  
 Оның дәуірінде қызы барлар алаңдаулы,  
 Ұйқы көрмей түнімен, есік тіреп күндіз.  
 «О Жаратқан өзің сақта!» деген олар,  
 Қорқыныштан қалтырап, дір-дір етер.  
 Жұмысы – қыздарын қашыру еді,  
 Бір жерден екіншіге жасыру еді.  
 Соңында халқының қарғысы тиіп,  
 Қылығы өзінің түбіне жетті.  
 Ұстады өз халқы оны келісіп,  
 Бійізменен көздерін шоқты.  
 Ел алдымен тастап [оны] зынданға,  
 Сонда жанын жиберді жаһаннамға.  
 Оның зұлымынан құтқарып бәрін,  
 Төрелікке тағайындады Лама Доржыны.  
 Оның дәуірінде қашып кетті Дашы Даба,  
 Құтылалмай, ұсталды керексіз Лаба.  
 Құдыққа ұстап алып оны тастады,  
 Ақша менен дүние-мүлкін олжалап алды.  
 Бірнеше рет қашуға талпынып көрді,  
 Болмады, халықтың арасында толқу басталды.  
 | 51б | Қирады бірі қоршаған төрт қабырғаның,  
 Ашық қалды жоңғардың бір жағы – шеті.  
 Қайтадан Лама Доржыға теріс айналып,  
 Қашып кетті Давақи мен Әмірсана.  
 Аттанып қазақтарға, қайтып келді оларменен,  
 Лама Доржының үйін қоршауға алып,  
 Найза тықты Әмірсана сонда оған,  
 Жайсаңдарды тонады ол сол заман.  
 Күрүттер<sup>3</sup> жалаңаштап көп халықты,

<sup>1</sup> Моңғолдар мен ойраттарда белгілі бір аймақтың билеушісі жайсаң немесе зайсан деп аталған.

<sup>2</sup> Күбіт – Әжен мен Давақиды қолдаған ойрат тайпасы.

<sup>3</sup> Күрүт – Давақиды қолдаған ойрат тайпасы

Жүгірді ел жан-жаққа аш-жалаңаш.  
Қарасаң оларға жан ашиді,  
Қарасаң кейіні адам сынды.  
Бала десең бар бәрінің сақалы,  
Ересек десең бөкесінде жоқ шалбар.  
Көріб олардың халын, өнеге ал өзіңе,  
Кіміңе жинарсың бұл дүниенің байлығын.  
Семіздіктен ел еді құтырып жүрген,  
Ит сынды болды суықтан дірілдеген.  
Бектердің балалары хұдді күшік,  
Көк жерге ұрылып, жер көкке ұмтылғандай.  
Давациды ол [Әмірсана] таққа отырғызды,  
Бәле алып келді жоңғарға бұл қысқа қол.  
Мұнымен құмарлығын басалмастан,  
Өкпелі қайтып келді өз еліне.

| 556 | Әринженнің қазақтарды ертіп келіп, Давацимен шайқасқаны туралы.

Қайтадан кеш күзде қыспақтап келді дұшпан,  
Душар болды қиындыққа Даваци тағы.  
Қазақтар басып келді батыс тараптан,  
Қазақтың жолында кедергі болмағандықтан.  
Қазақпен бірлікте Ширен-у Патма Жирен,  
Давациды жақтырмайтын Әринжен деген.  
Бір кісіні төрелікке үміткер етіп,  
Давацимен төрелік орнын таласып.  
Көріңдер бұл жауыз, айлакерлерді,  
Жоңғарды талқандау басты ниеті.  
| 56a | Қазақтардан таңдалған 10 мың сарбаз,  
Табиғатынан баһадүр, сергек, мықты қазақ.  
Жиналды олар күрүттермен атысу үшін,  
Оқ атқан кісіні тез жою үшін.  
Мойынсұнған елге пайда болды көп,  
Мойынсұнбаған халық болады ойран.  
Әнайити деген фэрәң<sup>1</sup> соқты бәрін шетінен,  
Жоңғардың арасында ол даңқы шыққан.  
Көпшілігі өз жанын қорғаштап қашып,  
Тауып барып қауіпсіз жер, күтті жатып.  
Кейін білсек<sup>2</sup> жасағының күші шамалы екен,  
Жоңғарды айламен қолға алмақшы екен.  
Осындай айламен жұртты қорқытып,  
Төре мен түшмеллерді<sup>3</sup> тағы үркітіп.  
Мақсаты жоңғарлардың көзін жою,  
Тосқауыл жоқ алдында бөгет болар.  
Кіріп келді бұл жұртқа байбаламмен,  
Зүһәлвар<sup>4</sup> сияқты ауыр зұлым салып.  
Қаталдықта әр қайсысы Миррих<sup>5</sup> іспеттес,  
Өзі мықтай, сөздері өткір шыбықтай.  
Келе салып айдаһардай аузын ашып,  
Жұтуға бұл ел халқын дем алғандай.  
Көп халықты қырып-жойды, мүлкін тонап,  
Йәжжүж және Мәжжүж сынды жең жаласты.

---

<sup>1</sup> Мұсылман деректерінде еуропалықтарды, көбінесе ағылшындарды солай атаған.

<sup>2</sup> Автор тарапынан айтылған бұл сөздер оның осы оқиғалардың тікелей қатысушысы болғандығынан дерек береді.

<sup>3</sup> Мансап атауы

<sup>4</sup> Зүһәлвар – Сатурн ғаламшары

<sup>5</sup> Миррих – Марс ғаламшары

Олар басып өтпеген ұлыс қалмады,  
Жеймін деді кездескеннің барлығын: «Жегенім-жеген».  
Көп адамды тұтқындады – етті олжа,  
Алған ақша дүние-мүліктің есебі жоқ.  
| 566 | Күші жеткенді жемей қоймады,  
Сонша көп олжаға олар тоймады.  
Ушырып бұл жұртты жоқ қылуда тырысты,  
Көп абат жерлерді етті қиранды.  
Давақи де бір келіп хал сұрамады,  
Халықта оның қасына жете алмады.  
«Жаман құс жапалаққа мерген», – деген,  
Бұл баяғы мақал дұрыс екен.  
Жеп, жоқ етті кедейлерді,  
Алтауыттың барлығы болды бейшара.  
Елшілері Давақидың кетті жан-жаққа,  
Тез жиналмай әскері Давақидың қасына.  
Бұлар тарап бір неше күн кідіртті,  
Өйткені өзендегі мұз сынып ақты.  
Давақиға өзеннен өту мүмкін болмады,  
Оларда[қарсыластары] бұл жаққа өте алмады.  
Арасында бөгет болып өзен тұр еді,  
Бір ай күтті бір-бірімен ұштаса алмады.  
Бұл жоңғарлар түлкі сынды бұрыннан болған,  
Давақидың қасында еріксіз бәрі жиналды.  
Олар еді шашылған сансыз тарыдай,  
Дұшпан тұр тауықтай жинауға дайын.  
Кейінірек кәпірлер есін жиді,  
Бірігіп, шегі жоқ қолға айналды.  
Кеңесіп: «Егерде бұдан былай бірлеспесек,  
Әринженмен бірге келген қазақтар  
Осы қыста баршамызды жоқ етеді,  
Еліміздің түгелімен берекесін қашырады».  
| 57a | Сөзімен де, ойымен де бірлесейік, деп барлығы,  
Давақидың алдына келді тазыммен.  
Уәде етті оның алдында жанын беруге,  
Қазақтарға қарсы соғыс ашуға.  
Бұл сағатта Іленің беті мұз қатты,  
Давақи қозғалып, мұз үстімен алға ұмтылды.  
Бір апта соғысты Әринженменен,  
Соңында жеңіп шықты Әринженні.  
Әринжен адамдары түнде ұйықтамай,  
Ептеп барды Давақидың қосына.  
Шу көтеріп, қорқытты бүкіл елді,  
Күрүттерді шошытып, есінен тандырды.  
Давақи байқап тез есін жиді,  
Зәресі кеткен елді бірден тоқтатты.  
Артынан қуып, найзамен сайды,  
Дұшпанның қаны теңіздей ақты.  
Қазақтармен Әринжен амалсыздан,  
Жасырынды, пана тапты батыс жақтан.  
Давақи соңынан қалмай ізіне түсті,  
Қуып барып, зеңбіректен оқ атып.  
Алтын-Емелге келгенде артынан жетіп,  
Қазақтарға жоңғарлығын тағыз көрсетті.  
Қайтарып олжаға алып кеткенді,  
Күрүттерді ақша, малға тойдырды.  
Қазақтар аттарымен еліне қайтты,  
Көңілі толу Давақи кері оралды.

Таратпай бауырды бауырына тапсырып,  
Тұтқындарды өз еліне қайтарды.  
| 576 | Соңынан тақ басына қайта көтерілді,  
Бұл шабуыл оған ешбір зиян тигізбеді.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Мугинов А.М. Описание уйгурских рукописей Инст-та народов Азии. – М.: Изд-во вост. лит, 1962. – 207 с.  
[2] Абусейтова М.Х., Баранова Ю.Г. Письменные источники по истории и культуре Казахстана и Центральной Азии XIII–XVIII вв.: (библиографические обзоры). – Алматы: Дайк-пресс, 2001. – 426 с.  
[3] Златкин И.Я. История Джунгарского ханства. – М.: Наука, 1983.  
[4] Моисеев В. А. Джунгарское ханство и казахи (XVII–XVIII вв.). – Алма-Ата: Ғылым, 1991. – 238 с.  
[5] Өсирләр садасы. Кона уйғур әдәбиятининң нәмунилери / Топлиғучилар: М. Һәмраев, В. Юдин, С. Моллаудов, Й. Мухлисов. – Алмута: Казгослитиздат, 1963. – 368 б.  
[6] Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII веков: (извлечения из персидских и тюркских сочинений) / Сост.: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин. – Алма-Ата: Ғылым, 1969.  
[7] Чимитдоржиев Ш.Б. Взаимоотношения Монголии и Средней Азии в XVII–XVIII вв. – М.: Наука, 1979., Моисеев В. А. Россия и Джунгарское ханство в XVIII веке: (Очерк внешнеполитических отношений). – Барнаул, 1998.

#### REFERENCES

- [1] Muginov A.M. Description of the Uighur manuscripts of the Institute of Asian peoples. M.: Izd-vo vost.lit, 1962. 207 p. (in Russ.).  
[2] Abuseiova M.Kh., Baranova U.G. Written sources on the history and culture of Kazakhstan and Central Asia of 13th-18th centuries: (bibliographical reviews). Almaty: Daik-press, 2001. 426 p. (in Russ.).  
[3] Zlatkin I.Ya. History of the Junggar Khanate. M.: Nauka, 1983.  
[4] Moiseev V.A. The Junggar Khanate and the Kazakhs (XVII–XVIII vv.). Alma-Ata: Gylym, 1991. 23 p. (in Russ.).  
[5] Esirler sadasi. Kona uygur edebiyatinin nemuniliri. Topliguchilar: M. Khamraev, V. Udin, S. Mollavudov, Y. Mukhlisov. Almuta: Kazgoslitizdat, 1963. 368 b.  
[6] Materials on history of Kazakh Khanates of XV-XVIII centuries: (extract of Persian and Turkic writings). Auth.: S.K. Ibragimov, N.N. Mingulov, K.A. Pishulina, V.P. Udin. Alma-Ata: Gylym, 1969.  
[7] Chimitdorjiev Sh.B. Relations of Mongolia and Central Asia in the 17th and 18th centuries. M.: Nauka, 1979., Moiseev V.A. Russia and the Junggar Khanate in the 18th century: (essay on the foreign-relations). Barnaul, 1998.

### КАЗАХСКО-ДЖУНГАРСКИЕ ВЗАИМООТНОШЕНИЯ В XVIII ВЕКЕ В ИСТОРИЧЕСКОМ СОЧИНЕНИИ «ИСЛАМ-НАМЕ» МОЛЛЫ АБД АЛЬ-АЛМА

#### З. К. Каримова

Институт востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК, Алматы, Казахстан

**Ключевые слова:** письменный источник, тюркские источники, Центральная Азия, Казахстан, казахи, джунгары, международные связи.

**Аннотация.** В статье автор анализирует сведения исторического сочинения восточнотуркестанского историка Молла Абд аль-Алим «Ислам-наме», касающихся казахско-джунгарских взаимоотношений в XVIII веке. Следует отметить, что эти сведения впервые переводятся на казахский язык и имеют важное значение в исследовании истории Казахстана и Центральной Азии.

Поступила 12.01.2015г.